

"Көктөбе селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" 2009 жылғы 5 ақпандағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы"

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктөбе ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 қыркүйекте № 4515 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылығы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Көктөбе ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көктөбе ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 5 ақпандағы № 1 "Көктөбе селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауларын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-82 тіркелген, 2009 жылғы 12 ақпанда аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) мемлекеттік тіліндегі шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген мемлекеттік тілдегі шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селолық округіне", "Құдықсай селолық округіне", "селосында", "елді мекені" сөздері "ауылдық", "ауылдық округіне", "ауылында" сөздерімен ауыстырылсын;

мемлекеттік тіліндегі шешімнің кіріспе бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасының 3.2. тармағына және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2007 жылғы 24 шілдедегі "Ақтөбе облысының мекенжай тіркеліміне тіркеу тәртібі және мекенжай құрылымы жөніндегі Ереже бекіту туралы" № 255 қаулысына," сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК